

2012 жылға әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 19 наурыздағы № 45 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 12 сәуірде № 11-5-131 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 08 маусымдағы № 131 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2012.06.08 № 131 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабының 1 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 378 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өңірлік еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес 2012 жылға халықтың нысаналы топтарына арналған әлеуметтік жұмыс орындары ұйымдастырылатын әлеуметтік жұмыс орындарын беруші немесе құрушы жұмыс берушілердің тізбесі 1 және 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2.«Маңғыстау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (одан әрі-уәкілетті орган) жұмыс берушілермен әлеуметтік жұмыс орындарын құру туралы шарт жасасын.

3. Шарт жасасқан кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары уәкілетті органның жолдамасына сәйкес әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Сарбалаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Айтуаров

КЕЛІСІЛДІ:

«Маңғыстау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығы
Каимова Санимгул Нахиповна

19 наурыз 2012 ж

«Маңғыстау аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Шабикова Рима Нерражимовна

19 наурыз 2012 ж

Маңғыстау ауданы әкімдігінің
19 наурыз 2012 жылғы № 45
қаулысына 1 қосымша

2012 жылға халықтың нысаналы топтарына арналған әлеуметтік жұмыс орындары ұйымдастырылатын әлеуметтік жұмыс орындарын беруші немесе құрушы жұмыс берушілер тізбесі

р/с	Жұмыс берушілер атауы	Кәсіп-тер (лауа-зымдар) атауы	Әлеумет-тік жұмыс орындарының саны	Бір айлық жалақы мөлшері (теңге)	Жұмыстың бойынша ұзақтығы	Аудандық бюджет қаражатынан өтелетін айлық жалақының мөлшері (теңге)
1	Жеке кәсіпкер «Абдулаева Туймеш Базарқызы»	Наубай-шы Жұмысшы	5 5	40 000 40 000	6 6	17 439 17 439
2	Маңғыстау ауданы әкімиятының «Маңғыстау жылу, су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Жұмысшы	10	25 000	9	17 439
3	«DESA ЕС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жұмысшы	20	50 000	3	17 439
4	Жеке кәсіпкер «Махамбет Мереке Шанытбайұлы»	Күзетші	2	40 000	6	17 439
5	Жеке кәсіпкер «Нуржанова Ажаргул Султанбековна»	Тігінші	3	40 000	6	17 439
6	Маңғыстау ауданы әкімиятының «Шерқала» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Жұмысшы	10	25 000	9	17 439
7	«РСУ - Айдын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жұмысшы	35	26 000	9	17 439
	Барлығы:		90			

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы бойынша 2012 жылға халықтың нысаналы топтарына арналған әлеуметтік жұмыс орындары ұйымдастырылатын әлеуметтік жұмыс орындарын беруші немесе құрушы жұмыс берушілер тізбесі

р/с	Жұмыс берушілер атауы	Кәсіп-тер (лауазымдар) атауы	Әлеумет-тік жұмыс орындарының саны	Бір айлық жала-қы мөлшері (теңге)	Жұмыс-тың ай бой-ынша ұзақтығы	Республика-лық бюджет қаражатынан өтелетін айлық жалақының мөлшері (теңге)
1	Жеке кәсіпкер «Бекмагулова Анзияш »	Жүргізуші Кассир	1 1	52000 52000	6 6	50%, 30%,15%
2	«Мақсат» шаруа қожалығы	Жүргізуші Темір ұстасы Іс жүргізуші	1 1 1	52000 52000 52000	9 9 9	50%, 30%,15%
3	Жеке кәсіпкер «Конарбаева Кунсулу Кылышбаевна»	Есепші Кассир	1 1	52000 52000	6 6	50%, 30%,15%
4	Жеке кәсіпкер «Саргоджаева Шынар Кыдыршаевна»	Есепші Кассир	1 1	52000 52000	6 6	50%, 30%,15%
5	«Әлбет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Тәрбие-шінің көмекшісі	2	33000	9	50%, 30%,15%
6	«Мирас» шаруа қожалығы	Дәнекерлеуші Жүргізуші	1 1	52000 52000	9 9	50%, 30%,15%
7	Жеке кәсіпкер «Жаппасова Лаззат Мереевна»	Кассир	1	52000	6	50%, 30%,15%
8	Жеке кәсіпкер «Анесов Нургали Маратович»	Программист	1	52000	6	50%, 30%,15%
9	«Сары ой» шаруа қожалығы	Жүргізуші	2	52000	6	50%, 30%,15%
10	«Абат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Құрылысшы	1	52000	9	50%, 30%,15%
11	«Қызан» өндірістік кооперативі	Темір ұстасы	1	52000	6	50%, 30%,15%
12	«Ақшымырау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Іс жүргізуші	1	52000	6	50%, 30%,15%
	Барлығы		20			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК